

Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының кейбір елді мекендерінің әкімшілік-аумақтық құрылысына өзгерістер енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 19 наурыздағы № 48 және Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2021 жылғы 19 наурыздағы № 3-8 бірлескен қаулысы мен шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 25 наурызда № 6862 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына сәйкес, Жаңақала ауданы әкімдігі мен Жаңақала аудандық мәслихатының 2020 жылғы 7 желтоқсандағы №176 және 2020 жылғы 24 желтоқсандағы №57-3 "Батыс Қазақстан облысының әкімдігіне және Батыс Қазақстан облысының мәслихатына Жаңақала ауданының кейбір елді мекендерін тарату жөнінде ұсыныс енгізу туралы" бірлескен қаулысы және шешімі негізінде, тиісті аумақтар тұрғындарының пікірін ескере отырып, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының кейбір елді мекендерінің әкімшілік-аумақтық құрылысына келесі өзгерістер енгізілсін:

таратылсын:

Жаңажол ауылдық округінің Теңдік елді мекені;

Жаңақазан ауылдық округінің Балдырған елді мекені;

Көпжасар ауылдық округінің Үштас елді мекені;

С.Мендешев ауылдық округінің Балғын және Карташово елді мекендері;

бағыныстылығы өзгертілсін:

таратылған Жаңажол ауылдық округінің Теңдік елді мекенінің бағыныстылығы Жаңажол ауылдық округінің әкімшілік бағыныстылығына берілсін;

таратылған Жаңақазан ауылдық округінің Балдырған елді мекенінің бағыныстылығы Жаңақазан ауылдық округінің әкімшілік бағыныстылығына берілсін;

таратылған Көпжасар ауылдық округінің Үштас елді мекенінің бағыныстылығы Көпжасар ауылдық округінің әкімшілік бағыныстылығына берілсін;

таратылған С.Мендешев ауылдық округінің Балғын және Карташово елді мекендерінің бағыныстылығы С.Мендешев ауылдық округінің әкімшілік бағыныстылығына берілсін.

2. Облыстық мәслихат аппаратының басшысы (А.Жоламанов) осы бірлескен қаулы және шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жаряланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Сессия төрағасы

Мәслихат хатшысы

Г. Искалиев

Н. Серғалиев

Б. Конысбаева

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК